КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 29 қазан № 2301-24-00-2/2961 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.М. Момынжанов,
сот отырысының хатшысы ретінде Ш.М.Борисованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Құрманғазы ауданының ішкі саясат, мәдениет тілдерді дамыту бөлімі және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «С.Көшекбаев атындағы аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
«Қырғызбек» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор К.А.Таргинова
талап қоюшы өкілі А.М.Бектемиров
жауапкер С.Қ.Қырғызбек

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2024 жылғы 27 тамызда тараптар арасында мемлекеттік сатып алу туралы №49 шарт (бұдан әрі – шарт-1) жасалып, «Қырғызбек» жеке кәсіпкері (бұдан әрі – кәсіпкер/өнім беруші) мүсінше (статуэтка) сатып алу бойынша қызметін шартқа қол қойылған сәттен бастап, 20 күнтізбелік күн ішінде орындауға міндеттенген.

Шарттың қолдану мерзімі 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін белгіленген, жалпы бағасы 372 900 теңге.

2024 жылғы 16 қыркүйекке дейін жауапкер міндеттемелерін орындауға міндетті болған.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

2024 жылғы 24 қыркүйекте «Атырау облысы Құрманғазы ауданының ішкі саясат, мәдениет тілдерді дамыту бөлімі және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «С.Көшекбаев атындағы аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны (бұдан әрі - Аудандық мәдениет үйі) өнім берушіге шартты бір жақты бұзуға хабарлама берген.

Аудандық мәдениет үйі талап қоюда (нақтылауды ескергенде) кәсіпкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамағанын негізге алып, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, 4 475 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Жауапкермен талап қоюға қарсы пікір ұсынылмады.

Сотта талап қоюшы өкілі А.М.Бектемиров талап қоюды қолдап, толық қанағаттандыруды сұрады.

Прокурор К.А.Таргинова талап қоюдың мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы бөлігі қанағаттандырылып, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы бөлігі қате есептелгеніне байланысты қанағаттандырудан бас тартылуға жатады деген қорытынды берді.

Жауапкер жеке кәсіпкер С.Қ.Қырғызбек талап қоюды мойындап, шарт бойынша міндеттемелерін орындауға мүмкіндік жоғын мәлімдеп, талап қоюмен келісетіндігін көрсетті.

<u>ҰӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Аудандық мәдениет үйдің талап қоюмен сотқа жүгінуне жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше және мерзімінде орындамауы негіз болған.

АК-нің 458-бабына сәйкес, кәсіпкер болып табылатын сатушы (тауар беруші) сатып алушыға өзі өндіретін немесе сатып алатын тауарларды кәсіпкерлік қызметке немесе жеке өзіне, отбасына, үй ішіне және сол сияқты өзге де пайдалануға байланысты емес өзге мақсаттарға пайдалану үшін келісілген мерзімде немесе мерзімдерде беруге міндеттенеді.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес (бұдан әрі - Заң), мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Шарт міндеттеменің туындауының негізі болып табылады.

Өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге тиіс.

Құжатқа қол қойылған: Момынжанов Ж. М., 29.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.12.2024, судья Момынжанов Ж. М., 09.12.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Іс-құжатарына сәйкес, кәсіпкер шарт талаптары бойынша өз міндеттемелерін орындамаған.

Сотта талап қоюшы өкілі жауапкермен шарт талаптары бойынша өз міндеттемелерін тиісте түрде орындамауы, жағымсыз салдарлардың туындауына себеп болғандығын көрсетті.

Бұл мән-жайды кері шығаратын дәлелдемелерді жауапкер Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 72-бабына сай сотқа ұсынбады. Бұл оның процессуалдық олқылықтары болып табылады.

Тараптардың қолында бар дәлелдемелерді сотқа ұсынбау осы дәлелдемелерді апелляциялық, кассациялық сатылардағы сотқа ұсыну мүмкіндігін болдырмайды (АПК-нің 73-бабының 1-бөлігі).

Өз кезегінде, сотқа шешімді болжамдаудың негізінде құрастыруға тыйым салынған.

Осылайша, жауапкердің шарт талаптарын орындамауы оған Заңның 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасында көзделген салдарға әкеп соғады.

АПК-нің 79-бабының 2-бөлігіне сәйкес, бір тараптың өзінің талаптарын немесе қарсылықтарын негіздейтін фактілерді екінші тараптың мойындауы алдыңғы тарапты осы фактілерді одан әрі дәлелдеу қажеттігінен босатады. Тарап мойындаған факті сот отырысының хаттамасына енгізіледі. Егер фактіні мойындау жазбаша арызда не электрондық құжат нысанында баяндалған болса, ол іске қоса тіркеледі.

Сотта жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін орындауға мүмкіндік жоғын көрсетіп, талап қоюды мойындады. Бұл факті сот отырысының хаттамасына енгізіледі.

Сот талап қоюды мойындауды қабылдаған жағдайда іс бойынша мән-жайларды зерттеместен, талап қоюды қанағаттандыру туралы шешім қабылдайды (АПК-нің 172-бабының 7-бөлігі).

Бұл тұрғыдан алғанда, сот жауапкердің талап қоюды мойындауын заңға қайшы емес екенін және үшінші тұлғалардың заңмен қорғалатын мүдделеріне қайшы келмейтінін ескеріп қабылдайды.

Жоғарыда көрсетілген негіздерге байланысты және қолданыстағы заң талаптарына сәйкес, сот жауапкердің талап қоюды мойындағанын, шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанын, нәтижесінде тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдарларды туындап, Заңның 12-бабы 4-тармағында белгіленген мерзімде сотқа жүгінгенін ескеріп, әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, талап қоюдың өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы бөлігі қанағаттандырылуға жатады деген тұжырымға келеді.

№2 талап қою бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп

Құжатқа қол қойылған: Момынжанов Ж. М., 29.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.12.2024, судья Момынжанов Ж. М., 09.12.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Заңның 43-бабының 24-тармағына сәйкес, өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз етеді.

Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) тиісті бюджет, мемлекеттік кәсіпорын, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлға немесе олармен үлестес заңды тұлғалар кірісінің есебіне жатқызылады.

Шарттың 7.3.-тармағына сәйкес, тапсырыс беруші орындаушы мінеттемелерін толық орындамаған жағдайда орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерде тұрақсыздық айыбын ұстап қалады немесе міндеттемелерін тисінше орындамаған (ішінара орындалмаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерде тұрақсыздық айыбын ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 10 % артық болмауы тиіс.

Шарттың жалпы бағасы 372 900 теңге.

Талап қоюшының сотқа ұсынған есебіне сай тұрақсыздық айыбы 4 475 теңгені (2024 жылғы 16 мен 27 қыркүйек аралығы - 12 күн) 372 900х0,1%х12) құрайды.

Сотта анықталғаны, шарт 2024 жылғы 27 тамызда күшіне енген. Сондықтан, жауапкер 2024 жылғы 16 қыркүйекке (қоса алғанда) дейін міндеттемелерін орындауға міндетті болған.

Бұл ретте, тұрақсыздық айыбы 2024 жылғы 17 мен 27 қыркүйек (талап қою тіркелген күн) аралығында (11 күн) өндірілуге жатады.

Бұл жағдайда, сот жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамағандықтан, тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті екендігін ескере отырып, талап қоюдың осы бөлігі ішінара қанағаттандырылып, өнім берушіден мемлекет кірісіне 4 102 (372 900х0,1%х11) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады денген тұжырымға келеді.

Талап қоюдың 373 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы бөлігі қанағаттандырудан бас тартылуға жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 1 887 (1 846+4 102х1%) теңге мемлекеттік баж өндірілуі қажет.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Құжатқа қол қойылған: Момынжанов Ж. М., 29.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.12.2024, судья Момынжанов Ж. М., 09.12.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Талап қоюшы «Атырау облысы Құрманғазы ауданының ішкі саясат, мәдениет тілдерді дамыту бөлімі және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «С.Көшекбаев атындағы аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының жауапкер «Қырғызбек» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

«Қырғызбек» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Қырғызбек» жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 4 102 (төрт мың бір жүз екі) теңге тұрақсыздық айыбы, 1 887 (бір мың сегіз жүз сексен жеті) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Талап қоюшы «Атырау облысы Құрманғазы ауданының ішкі саясат, мәдениет тілдерді дамыту бөлімі және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «С.Көшекбаев атындағы аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының жауапкер «Қырғызбек» жеке кәсіпкерінен 373 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабының бөлігі қанағаттандырудан бас тартылсын.

Шешімге түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Атырау облыстық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым немесе прокурордың өтінішхаты келтіруге мүмкін.

Судья **Ж.М. Момынжанов**

Құжатқа қол қойылған: Момынжанов Ж. М., 29.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.12.2024, судья Момынжанов Ж. М., 09.12.2024